

## Қазақстанның кәсіпқой бокс Федерациясының қызметін жетілдіру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 23 ақпан 1993 ж. N 137

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Кәсіпқой бокс федерациясы атқару комитетінің Қазақстан Республикасында кәсіпқой боксты дамыту туралы ұсынысы қабылдансын.
2. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері спорттық-сауықтыру жұмысының жаңа нысаны ретіндегі кәсіпқой спорттың қалыптасуына жәрдемдесетін болсын.  
Қазақстанның Кәсіпқой бокс федерациясының құрылымдық бөлімшелеріне жабдықтар, байланыс техникаларын алуға, үй-жай бөлінуіне жәрдемдессін.  
Федерация жалға алған үй-жайларға коммуналдық қызмет көрсетулерді төлеу бюджеттік ұйымдар үшін бекітілген тарифтер мен ставкалар бойынша қарастырылсын.  
Қазақстанның Кәсіпқой бокс федерациясының қалыптасу кезеңінде оны өтеу жергілікті әкімшіліктің бюджеттен тыс қор қаржысы есебінен көзделсін.
3. Қазақстанның Кәсіпқой бокс федерациясы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қарауына Федерацияны екі жылдың көлемінде пайда салығын төлеуден босату туралы қаулының жобасын әзірлеу жөнінде бір ай мерзімде ұсыныс дайындап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін.
4. Алматы қаласының әкімі Қазақстанның Кәсіпқой бокс федерациясының басқармасын орналастыру үшін алаңы 500 шаршы метр үй-жай бөлсін.
5. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Қазақстанның Кәсіпқой бокс федерациясын 6 абонентке арналған телефон байланысымен қамтамасыз етсін.
6. Республикалық "Қазконтракт" контракт корпорациясы Қазақстанның Кәсіпқой бокс федерациясы үшін 1 компьютерлік техника жиынтығы мен 1 микроавтобус қарастырсын.
7. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі "Теңізмұнайгаз" және "Жамбылоблгаз" өндірістік бірлестіктеріне (Қазақстанның Кәсіпқой бокс федерациясының негізгі құрылтайшылары мен демеушілері) жоспардан тыс өнімнің бір бөлігін экспорттауға белгіленген тәртіппен лицензия берсін.  
"Теңізмұнайгаз" және "Жамбылоблгаз" өндірістік бірлестіктеріне жоспардан тыс өнімнің бір бөлігін экспорттаудан түскен қаржы Федерацияның мұқтажы мен материалдық базасын құруға бағыттауына рұқсат етілсін.
8. Жоғарыда аталған бірлестіктерге Федерацияның неғұрлым мұқтаж спортшылары мен мүшелеріне, төлем сомасын кәсіпорынның базалық тұтыну қорына қоспай стипендия, зейнетақы төлеуге рұқсат етілсін.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне, оның аумақтық органдарына Қазақстанның Кәсіпқой бокс федерациясына және оған ведомстволық бағыныстағы құрылымдарға пайдаланылмай отырған ғимараттарды, құрылыстарды кәсіпқой спорт клубтарына бөлуге практикалық көмек көрсету ұсынылсын.

10. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстанның Кәсіпқой бокс федерациясымен бірлесіп, бұрынғы спортшыларды тәртіп бұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіпті қорғау үшін пайдалану туралы ереже әзірлесін.

11. Қазақстанның Кәсіпқой бокс федерациясына (Дүниежүзілік боксшылар қауымдастығының (ДБК) мүшесі ретінде) және оның жергілікті жердегі құрылымдық бөлімшелеріне бокс жөніндегі жеке спорт клубтарының қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыру тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі